

"Элиталық тұқым өсіру және мал тұқымын асылдандыру ісін сақтау және дамыту" - 38 бағдарламасы бойынша 2001 жылға арналған қаражат төлеудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 3 наурыздағы N 47 бұйырығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 4 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1451. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 3 маусымдағы N 323 бұйырығымен

Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2009.06.03 N 323 бұйырығымен.

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының заңына және "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Z000131_ Республикасының заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1950 P001950_ қ а у л ы с ы н а с ә й к е с ,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған қаражат төлеудің ережелері және "Элиталық тұқым өсіру және мал тұқымын асылдандыру ісін сақтау және дамыту" - 38 бағдарламасы бойынша 2001 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген шығыстар сметасы бекітілсін.

2. Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармалары бөлінген қаржыны осы Ережелерге сәйкес алу үшін асыл тұқымды мал және элиталық тұқым шаруашылықтары қажетті құжаттарды уақытылы тапсыруын қ а т а ң қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Егіншілік департаменті, мал шаруашылығы және мал тұқымын асылдандыру мемлекеттік инспекциясы департаменті берілген құжаттардың дұрыс ресімделуіне қатаң бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

4. Қаржы департаменті көзделген бюджеттік қаражаттардың уақытылы аударылуын қамтамасыз етсін. 5. Бұйрықтың орындалуын бақылау осы мәселелерге жетекшілік жасайтын Вице-Министрлерге жүктелсін. 6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді. Министр "Келісілді" Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ауыл шаруашылығы Бірінші Вице-Министрі Министрінің 2001 жылы 31 наурыз 2001 жылғы 3 наурыздағы N

47 бұйрығымен "Бекітілді" "Асыл тұқымды мал шаруашылығы ісін және элиталық тұқым шаруашылығын сақтау және дамыту" - 38 бағдарлама бойынша 2001 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген шығындар сметасын және қаражатты төлеудің Ережесі 1-тарау. Асыл тұқымды мал шаруашылығы мен құс шаруашылығын сақтау және дамыту Z980278_ P971089_ 1-бөлім. Асыл тұқымды төлді сатқан асыл тұқымдық шаруашылықтардың қызметін қ а р ж ы л а н д ы р у

1. Демеуқаржылар, ағымдағы жылға Ауыл шаруашылығы Министрлігі белгілеген квота шеңберінде және сатқан бағасы ең жоғарғы деңгейден аспайтын жағдайда, асыл тұқымды мал шаруашылықтарына, төлді отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге заңды және жеке тұлғаларға сатқандарға б ө л і н е д і .

2. 2001 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылықтарына белгіленген квотаның жалпы көлемі және мөлшері, ауыл шаруашылығы малдарының түріне қарай сатылған төлдердің малдардың тірілей салмағының бір килограммына төленетін демеуқаржы 12 қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

3. Квота, 2001 жылға республикалық бюджетте қаралған "Асыл тұқымды мал шаруашылығы ісін және элиталық тұқым шаруашылығын сақтау және дамыту" 38 бағдарлама бойынша төл малдарды сатқанда малдардың бір тонна тірілей салмағының бағасын арзандату үшін әр асыл тұқымды шаруашылықтарға, Ауыл шаруашылығы министрлігі осы Ережелердегі қаражат шығындары сметасын бекіткеннен кейін бір айдың ағымында белгіленеді.

4. Демеуқаржыларды алу үшін, асыл тұқымды шаруашылықтар, Ауыл шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық басқармаларына келесі қ ұ ж а т т а р д ы т а п с ы р а д ы :

асыл тұқымды төл малдарды сатқаны жөнінде сатып алу-сату актісінің көшірмесі (сатып алу-сату актісі 4 данада) Ауыл шаруашылығы министрлігі аудандық аумақтық басқармасының мал тұқымын асылдандыру ісі жөніндегі инспекторының қатысуымен толтырылады (1-қосымша).

Актінің түпнұсқасының бір данасы аудандық аумақтық басқармасында с а қ т а л а д ы :

төлем құжаттардың көшірмесі (төлемақының түріне байланысты: ақша аударылғанда - төлем тапсырмасы, қолма-қол есеп айырғанда-кассалық кіріс ордері, баспа-бас айырбас кезінде-келісім шарт және өнімді кіріске алу актісі).

5. Ауыл шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық басқармасының мал тұқымын асылдандыру инспекторы төл малдарды сатқан кезде:

сатылатын асыл тұқымды малдарды жеке-жеке асыл тұқымдық құжаттарына сәйкестігін тексеріп шығады (малдардың бонитировка тізімдемесін, өсіру журналын, асыл тұқымдық және малдәрігерлік куәліктері). Малдарды тексеру

нәтижесінде және олардың тұқымдық стандартқа сәйкестігін анықтағаннан кейін сатып алу-сату актісін куәландырады;

сатылған асыл тұқымды төлдердің сатып алу-сату актісі бойынша-деректер қ о р ы н ж ү р г і з е д і ;

аудан бойынша есеп беретін айда сатылған малдардың, сатып алушылармен сатушы субъектілері көрсетілген жиынтық актісін толтырады;

дүркін-дүркін асыл тұқымды мал сатып алушыларды малдарды мақсатты пайдаланып жатқандығын тексеріп тұрады, ал егер ондай субъектілер табылған күнде мақсатты пайдалану міндеттемесін бұзғаны жөнінде акт жасайды және сатып алынған асыл тұқымды төлді мақсаттан тыс пайдалануға жол берген сатып алушыға келешекте қаражаттандырылған асыл тұқымды төлді сатып алуға р ұ қ с а т б е р і л м е й д і .

әр айдың 5 жұлдызына қарай Ауыл шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық басқармасы бастығымен куәландырылған жиынтық акті жасап, сатып алу-сату актілерінің көшірмесін және өткен айдағы барлық төлем құжаттарын Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармасына жібереді (2 - қ о с ы м ш а) .

6. Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармасы: ұсынылған құжаттардың дұрыстығын және растығын тексеріп облыс бойынша жиынтық актісін жасап (3-қосымша), мөрмен куәландырып әр айдың 10 жұлдызына қарай Ауыл шаруашылығы министрлігінің мал шаруашылығы және мал тұқымын асылдандыру мемлекеттік инспекциясы департаментіне ж і б е р е д і ;

дүркін-дүркін аудандық аумақтық басқармаларын демеуқаржы алуға толтырылған құжаттардың дұрыстығын тексереді.

Оларды жасаудың тәртібін бұзуға жол берген адамдар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапқа тартылады.

7. Мал шаруашылығы және мал тұқымын асылдандырудың мемлекеттік инспекциясы департаменті облыстар тапсырған құжаттардың дұрыстығын тексеріп олардың негізінде Республика бойынша жиынтық актісін жасап, жетекші Вице-Министрдің келісімін алып (4-қосымша) Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қаржы департаментіне тапсырады.

8. Қаржы департаменті тапсырылған құжаттардың дұрыстығын тексеріп, квота шеңберінде белгіленген баға бойынша тиесілі қаражат көлемін анықтап жиынтық тізімдеме жасап (5-қосымша) қаржы департаментіне жетекшілік жасайтын Вице-Министрмен бекітіп, бюджеттік бағдарламадан түскен қаржыға байланысты, асыл тұқымды мал шаруашылықтарының есеп-шотына тиесілі д е м е у қ а р ж ы а у д а р ы л а д ы .

Қаражаттандыру асыл тұқымды төлді өндіруге жұмсалған шығындарды

жартылай өтеуге арналады.

9. Асыл тұқымды мал шаруашылықтарына белгіленген квота бойынша демеуқаржы бір жылдың ішінде төленбеген жағдайда, несие бойынша берешек ретінде келесі жылға ауысады.

10. Келесі жылға демеуқаржыны қаржыландыру өткен жылдағы несие бойынша берешек қаржы жабылғаннан кейін ашылады. Өткен жылдағы несие бойынша берешек қаржының жабылу кезеңінің соңғы уақыты 30-шы наурызға дейінгі кезеңнен кешікпеуі керек.

2-бөлім. Бұқалардың ұрығын сату қызметімен айналысатын ұйымдарды қаражаттандыру

11. Демеуқаржылар, ағымдағы жылға Ауыл шаруашылығы министрлігі белгілеген квота шеңберінде және сатқан бағасы ең жоғарғы деңгейден аспайтын жағдайда, аттестациядан өткен асыл тұқымды шаруашылық малдарын қолдан ұрықтандыратын ұйымдарға (кейіннен дистрибьютерлік орталықтар) бұқалардың ұрығын, аттестациядан өткен заңды және жеке тұлғаларға бөлінеді.

Ескерту: 11-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 17 тамыздағы N 257 бұйрығымен. V011643_

12. 2001 жылға арналған малды қолдан ұрықтандыратын ұйымдарға белгіленген квотаның жалпы көлемі және сатылған бір доза ұрыққа төленетін демеуқаржының мөлшері 12-қосымшаға сәйкес бөлінеді.

13. Квота, 2001 жылға республикалық бюджетте қаралған "Асыл тұқымды мал шаруашылығы ісін және элиталық тұқым шаруашылығын сақтау және дамыту" 38 бағдарлама бойынша бұқалардың ұрығын (доза бойынша) сататын әр малды қолдан ұрықтандыратын ұйымдарға, бұқалардың ұрығын арзандату үшін, осы жылға сиырлар мен қашарларды қолдан ұрықтандыруға жасалған келісім шарттардың көлеміне байланысты, Ауыл шаруашылығы министрлігі осы Ережелердегі қаражат шығындары сметасын бекіткеннен кейін бір айдың ағымында белгіленеді.

14. Демеуқаржыларды алу үшін малды қолдан ұрықтандыратын ұйымдарға Ауыл шаруашылығы Министрлігінің облыстық аумақтық басқармаларына келесі құжаттарды тапсырады:

бұқалардың ұрығын сатқандығы жөніндегі сатып алу-сату актісінің көшірмесі (сатып алу-сату актісі 4 данада Ауыл шаруашылығы Министрлігінің облыстық аумақтық басқармасының мал тұқымын асылдандыру инспекторының қатысуымен толтырылады (6 қосымша) Актінің түпнұсқасының 1 данасы облыстық аумақтық басқармаларында сақталады);

төлем құжаттардың көшірмесі (төлемақының түріне байланысты: ақша аударғанда - төлем тапсырмасы, қолма-қол есеп айырғанда - кассалық кіріс

ордері, баспа-бас айырбас кезінде - келісім-шарт және өнімді кіріспе алу актісі);

Егер сиырлар мен қашарларды малды қолдан ұрықтандыратын ұйымдар өздерінің техник-ұрықтандырушыларымен жүргізген жағдайда, Ауыл шаруашылығы Министрлігінің облыстық аумақтық басқармаларына тек сиырлар мен қашарларды қолдан ұрықтандыру жүргізгендігі жөнінде актіні және ұрықты сатқанын куәлендіретін төлем құжаттардың көшірмесін тапсырады.

Ескерту: 14-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 17 тамыздағы N 257 бұйрығымен. V011643_

15. Ауыл шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық басқармасының мал тұқымын асылдандыру инспекторы, заңды және жеке тұлғалардың сиырлар мен қашарларды қолдан ұрықтандыру жүргізгені жөніндегі актіні тексеріп өзінің қолымен құптайды, акт 3 данада жасалады (біреуі - өзінде сақталады, екіншісі - техник-ұрықтандырушыда, үшіншісі - ұрық сататын малды қолдан ұрықтандыратын ұйымдарға жіберіледі).

16. Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармасының мал тұқымын асылдандыру инспекторы:

бұқалардың ұрығын сатқан кезде бар құжаттарды ұрықпен сәйкестендіреді (асыл тұқымдық және малдәрігерлік куәліктер), егер қойылған талаптарға сәйкес келсе сатып алу-сату актісін растап, актінің бір данасын өзінде сақтайды;

малды қолдан ұрықтандыратын ұйым бойынша, есеп беретін айда, сатылған ұрыққа, сатып алушыларды көрсетіп жиынтық актісін жасайды;

қолдан ұрықтандыру актілерді және сиырларды ұрықтандыру журналдары бойынша (белгіленген нысанадағы) ұрықтың мақсатты пайдаланылуының анықтығын дүркін-дүркін тексеріп тұрады және мақсаттан тыс пайдаланылуына жол берген, ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандырумен шұғылданатын заңды және жеке тұлғаларды және қолдан ұрықтандыру аумақтың аудандық басқарманың актісіне қол қойған мал тұқымын асылдандыру ісі жөніндегі мемлекеттік инспекторын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапқа тарту туралы ұсыныс енгізеді;

бұқалардың ұрығын пайдалану және сиырлар мен қашарларды қолдан ұрықтандыру жөнінде есеп жүргізеді.

Әр айдың 10 жұлдызына қарай, ұрықты сатқандығы және пайдаланғандығы жөнінде жиынтық актісін жасап (8-қосымша) және бұқалардың ұрығын пайдаланып, сатқандығы жөнінде актілердің (6 қосымша) түпнұсқасын Ауыл шаруашылығы министрлігінің мал шаруашылығы және мал тұқымын асылдандыру жөніндегі мемлекеттік инспекциясы департаментіне тапсырады.

17. Мал шаруашылығы және мал тұқымын асылдандыру мемлекеттік инспекциясы департаменті облыстардың жіберген жиынтық актілерінің дұрыстығын тексеріп, олардың негізінде республика бойынша жиынтық акт

жасап жетекші - Вице-Министрдің келісімін алып (4-қосымша), бұқалардың ұрығын пайдаланып сатқандығы жөнінде актілердің түпнұсқасын (6-қосымша) Ауыл шаруашылығы министрлігінің қаржы департаментіне тапсырады.

18. Қаржы департаменті тапсырылған құжаттардың дұрыстығын тексеріп, квота шеңберінде белгіленген баға бойынша тиесілі қаражат көлемін анықтап жиынтық тізімдеме жасап (5-қосымша) қаржы департаментіне жетекшілік жасайтын Вице-Министрмен бекітіп, бюджеттік бағдарламадан түскен қаржыға байланысты, малды қолдан ұрықтандыратын ұйымдарға есеп-шотына тиесілі д е м е у қ а р ж ы а у д а р ы л а д ы .

19. Малды қолдан ұрықтандыратын ұйымдарға белгіленген квоталар бойынша демеуқаржы бір жылдың ішінде төленбеген жағдайда, несие бойынша берешек ретінде келесі жылға ауысады.

Қаражаттандыру бұқалардың ұрығын өндіруге жұмсалған шығындарды ж а р т ы л а й ө т е у г е а р н а л а д ы .

20. Келесі жылға демеуқаржыны қаржыландыру өткен жылдағы несие бойынша берешек қаржы жабылғаннан кейін ашылады. Өткен жылдағы несие бойынша берешек қаржының жабылу кезеңінің соңғы уақыты 30-шы наурызға дейінгі кезеңнен кешікпеуі керек.

3-бөлім. Асыл тұқымды жұмыртқа сатқан, асыл тұқымды құс шаруашылықтарының қызметін қаржыландыру

21. Демеуқаржылар, ағымдағы жылға Ауыл шаруашылығы Министрлігінің белгілеген квота шеңберінде және сатқан бағасы ең жоғарғы деңгейден аспайтын жағдайда, асыл тұқымды құс шаруашылығына асыл тұқымды жұмыртқаны отандық тауар өндірушілерге (заңды және жеке тұлғаларға) оны мақсатты пайдаланғанын растағанда беріледі.

22. 2001 жылға арналған асыл тұқымды құс шаруашылықтарына белгіленген квотаның жалпы көлемі және мөлшері сатылған асыл тұқымды жұмыртқаның бір данасына төленетін демеуқаржы 12-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

23. 2001 жылға республикалық бюджетте қаралған "Асыл тұқымды мал шаруашылығы ісін және элиталық тұқым шаруашылығын сақтау және дамыту" 38 бағдарлама бойынша асыл тұқымды құс шаруашылықтарына тұқымды асылдандыру жұмысы жоспарына сәйкес пайдаланатын кростардан алынған асыл тұқымды жұмыртқа сатқаны (данасына) үшін, Ауыл шаруашылығы министрлігі осы Ережелердегі қаражат шығындары сметасын бекіткеннен кейін бір айдың а ғ ы м ы н д а б е л г і л е н е д і .

24. Демеуқаржыларды алу үшін асыл тұқымды құс шаруашылықтары Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармаларына келесі

қ ұ ж а т т а р д ы

т а п с ы р а д ы :

м а л д а р ы н қ о л д а н ұ р ы қ т а н :

бұқалардың ұрығын сатқандығы жөніндегі сатып алу-сату актісінің көшірмесі (сатып алу-сату актісі 4 данада Ауыл шаруашылығы Министрлігінің облыстық аумақтық басқармасының мал тұқымын асылдандыру инспекторының қатысуымен толтырылады (6 қосымша) Актінің түпнұсқасының 1 данасы облыстық аумақтық басқармаларында сақталады);

төлем құжаттардың көшірмесі (төлемақының түріне байланысты: ақша аударғанда - төлем тапсырмасы, қолма-қол есеп айырғанда - кассалық кіріс ордері, баспа-бас айырбас кезінде - келісім-шарт және өнімді кіріске алу актісі);

инкубациялау үшін сатып алушы отандық асыл тұқымды құс шаруашылықтарының сатып алу-сату актісінің көшірмесі (10 қосымша).

25. Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармасының мал тұқымын асылдандыру жөніндегі мемлекеттік инспекторы асыл тұқымды ж ұ м ы р т қ а с а т қ а н д а :

сатылған асыл тұқымды жұмыртқаның топтамасының сырт пішінін қарап, оларды асыл тұқымдық құжаттармен сәйкестендіреді (жұмыртқаның салмағы, саны және асыл тұқымдық, мал дәрігерлік куәліктер) Асыл тұқымды құс шаруашылығының тапсырған құжаттарының сәйкестігін тексеріп сатып алу-сату а к т і с і н р а с т а й д ы ;

инкубация мақсатында сатылған асыл тұқымды жұмыртқаның сатып алу-сату актісі бойынша - деректер қорын жүргізеді.

26. Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармасы: ұсынылған құжаттардың дұрыстығын және растығын тексеріп облыс бойынша асыл тұқымды жұмыртқаны сатылғаны және пайдаланғаны жөнінде жиынтық актісін жасап (11-қосымша) мөрмен куәландырып әр айдың 10 жұлдызына қарай, сатқандығы және пайдаланылғаны жөніндегі актілерінің (9-қосымша) түпнұсқасының бір данасын Ауыл шаруашылығы министрлігінің мал шаруашылығы және мал тұқымын асылдандыру мемлекеттік инспекциясы департаментіне жі б е р е д і .

27. Мал тұқымын асылдандыру мемлекеттік инспекциясы департаменті ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексеріп, олардың негізінде республика бойынша жиынтық актісін жасап (4 қосымша) жетекші Вице-Министрдің келісімін алып, асыл тұқымды жұмыртқаның сатылғаны және пайдаланылғаны жөніндегі актілердің (9-қосымша) түпнұсқаларының бір данасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қаржы департаментіне тапсырады.

28. Қаржы департаменті тапсырылған құжаттардың дұрыстығын тексеріп, белгіленген баға бойынша тиесілі қаражат көлемін анықтап және белгіленген квота шеңберінде 6-10 графаларын толтырады (4 қосымша). Осы салаға

жетекшілік жасайтын Вице-Министрдің келісімін алып, қаржы департаментіне жетекшілік жасайтын Вице-Министрмен бекітіп, бюджеттік бағдарламадан түскен қаржыға байланысты, асыл тұқымды құс шаруашылықтарының есеп-шотына тиесілі демеуқаржы аударылады.

Қаражаттандыру асыл тұқымды жұмыртқаны өндіруге жұмсалған шығындарды жартылай өтеуге арналады.

29. Асыл тұқымды құс шаруашылықтарына белгіленген квота бойынша бір жылдың ішінде төленбеген жағдайда несие бойынша берешек ретінде келесі жылға ауысады.

30. 2002 жылға демеуқаржыны қаржыландыру, 2001 жылдағы берешек несие қаржы төленгеннен кейін бөлінеді.

4-бөлім. Асыл тұқымды орталық құру үшін және оларда ұсталатын жоғары өнімді асыл тұқымды бұқаларды күтіп-бағуға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру

31. Жоғары өнімді асыл тұқымды бұқаларды, бұқалардың ұрығын, отандық және шетелдік селекциядан шыққан ірі қара малдардың эмбриондарын, арнайы технологиялық жабдықтарды сатып алу, өндірістік жайларды жоғары сыныптық бұқаларды ұстауға әзірлеуді, сонымен қатар асыл тұқымды бұқаларды күтіп-бағуға кететін шығыстарды және "Асыл-түлік" ашық акционерлік қоғамы асыл тұқымды орталығында алынған ұрықтарды сақтау. Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен шығыстар сметаларының шеңберінде жүргізіледі.

Ескерту: 31-тармақ толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 17 тамыздағы N 257 бұйрығымен. V011643_

32. 2000-2002 жылдарда ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту бағдарламасына сәйкес құрылып жатқан "Асыл-түлік" ашық акционерлік қоғамы асыл тұқымды орталыққа отандық және шетелдік бұқаларды, жақсартқыш бұқалардың ұрығын, шетелдік селекциядан шыққан ірі қара малдардың эмбриондарын сатып алуға қаражаттандыру, келесі есеппен жүргізіледі:

1) отандық селекциядан шыққан бұқаның бір басына - 130 мың. теңге (26 бас x 127 мың. теңге = 3,3 млн. теңге);

2) ТМД елдерінің селекциясынан шыққан бұқаның бір басына - 220 мың. теңге (30 бас x 210 мың. теңге = 6,3 мың. теңге);

3) шетелдік селекциядан шыққан ірі қара малдардың бір эмбрионы - 73 мың. теңге (200 эмбрион x 73 мың. теңге = 14,6 млн. теңге);

4) шетелдік селекциядан шыққан жақсартқыш бұқаның ұрығының бір дозасы - 580 теңге);
(6000 доз x 580 теңге = 3,5 млн. теңге).

Ескерту: 32-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 17 тамыздағы N 257 бұйрығымен. V011643_

Ескерту: 32-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 30 қарашадағы N 377 бұйрығымен. V011687_

33. 56 бас бұқаны және ұрықтарды сақтау, ғылыми-негіздеме технологиясы негізінде жасалған кәсіпорынының шығыстар сметасына сәйкес, Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен шығыстарды қаржыландыру арқылы жүргізіледі.

Ескерту: 33-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 17 тамыздағы N 257 бұйрығымен. V011643_

34. "Асыл түлік" ашық акционерлік қоғамы асыл тұқым орталығы қаржыларды алу үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мал шаруашылығы және мал тұқымын асылдандыру мемлекеттік инспекциясы департаментіне сатып алу үшін жасалған келісім-шарттың немесе өзара шарттың бір данасын ұсынады:

отандық және шетелдік селекциядан шыққан 56 бас бұқаға;
шетелдік селекциядан шыққан 200 эмбрионға;
шетелдік селекциядан шыққан бұқалардың 3500 дозасына Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен тізбек бойынша арнайы технологиялық жабдықтарға, криоконсервацияға арналған материалдарға және бұқалардың ұрығын сақтап-тасымалдауға арналған машиналарға.

Ескерту: 34-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 17 тамыздағы N 257 бұйрығымен. V011643_

35. Мал шаруашылығы және мал тұқымын асылдандырудың мемлекеттік инспекциясы департаменті жасалған келісім-шарттардың немесе өзара шарттардың, дұрыстығын және растығын қарап, сатып алынатын малдардың, эмбриондардың, арнайы технологиялық жабдықтардың мал тұқымын асылдандыру жұмысы жоспарына және технологиялық талаптарға сәйкестігін тексеріп тұжырым жасап жетекшілік ететін Вице-Министрге бекіттіріп барлық құжаттарды қаржы департаментіне тапсырады.

36. Қаржы департаменті тапсырылған құжаттарды тексеріп жоғары өнімді бұқаларды, ұрықты, эмбриондарды, технологиялық жабдықтарды сатып алу үшін қаржыны ОАО "Асыл-түлік" есеп-шотына аударады ОАО "Асыл-түлік", асыл тұқымды бұқаларды, ұрықты, эмбриондарды және технологиялық жабдықтарды алғаннан кейін қаржы департаментіне барлық төлем құжаттардың және кіріске алынған актілерінің көшірмесін тапсырады.

37. Сатып алынған асыл тұқымды бұқаларды күтіп-бағуға кеткен және ұрықты сақтауға кеткен шығындарға қаржы алу үшін ОАО "Асыл-түлік" ай сайын мал шаруашылығы және мал тұқымын асылдандыру мемлекеттік

инспекциясы департаментіне осы мақсаттар үшін Ауыл шаруашылығы министрлігі бір жылға бекіткен шығындардың сметасына сәйкес, ай сайынғы шығындардың сметасын тапсырады.

Мал шаруашылығы және мал тұқымын асылдандыру мемлекеттік инспекциясы департаментіне тапсырылған құжаттарды тексеріп, тұжырым жасап, жетекшілік ететін Вице-Министрге бекіттіріп Қаржы департаментіне тапсырады.

Қаржы департаменті тапсырылған құжаттардың дұрыстығын тексеріп, ОАО "Асыл-түлік" есеп-шотына қаржы аударады.

38. ОАО "Асыл-түлік" әр айдың қорытындысы бойынша қаржы департаментіне, сатып алынған материалдардың, тауарлардың құнын растайтын және бұқаларды күтіп-бағуға кеткен шығындардың актілерін тапсырады.

5-бөлім. Етті бағыттағы асыл тұқымды құс шаруашылығын құру үшін және оларда ұсталатын құстарды күтіп-бағуға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру

39. 2000-2002 жылдарда ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту бағдарламасына сәйкес құрылып жатқан асыл тұқымды етті құс шаруашылығын (ОАО "Астана-құс") шетелдік селекциядан шыққан тәуліктік балапандарды, арнайы технологиялық жабдықтарды қаржыландыру, сондай-ақ қатар сатып алынған құстар тобын күтіп-бағуға кететін шығындарды қаржыландыру Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен шығындардың сметасы шеңберінде жүргізіледі еттік құс шаруашылығы жөніндегі асыл тұқымдық шаруашылық сатып алған құстар санын күтіп-бағу. Тәуліктік балапандарды сатып алу келесі есеппен жүргізіледі жол шығындарын есептегенде:

1) шетелдік селекциядан шыққан тәуліктік балапанның бір басы - 550 теңге. (22000 балапан x 255 теңге = 5,6 млн. теңге)

Ескерту: 39-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 17 тамыздағы N 257 бұйрығымен. V011643_

40. Шетелдік кросстардан шыққан 22 мың балапандарды күтіп-бағу, ғылыми-негіздеме технологиясы негізінде жасалған кәсіпорынның шығыстар сметасына сәйкес, Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен шығыстарды қаржыландыру арқылы жүргізіледі.

Ескерту: 40-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 17 тамыздағы N 257 бұйрығымен. V011643_

41. ОАО АТҚШ "Астана-құс" асыл тұқымды шаруашылығы қаржыларды алу үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мал шаруашылығы және мал тұқымын асылдандыру мемлекеттік инспекциясы

департаментіне сатып алу үшін жасалған келісім-шарттың немесе өзара шарттың түпнұсқасының бір данасын ұсынады:

шетелдік селекциядан шыққан 22 мың балапанға;
ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен тізбек бойынша арнайы технологиялық жабдықтарға және күтіп-бағуға арналған материалдарға.

Ескерту: 41-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 17 тамыздағы N 257 бұйрығымен. V011643_

42. Мал шаруашылығы және мал тұқымын асылдандыру мемлекеттік инспекциясы департаменті жасалған келісім-шарттардың немесе өзара шарттардың дұрыстығын және растығын қарап, сатып алынған балапандардың арнайы технологиялық жабдықтардың, құс тұқымын асылдандыру жұмысы жоспарына және технологиялық талаптарға сәйкестігін тексеріп тұжырым жасап жетекшілік ететін Вице-Министрге бекіттіріп барлық құжаттарды қаржы департаментіне тапсырады.

43. Қаржы департаменті тапсырылған құжаттарды тексеріп тәуліктік балапандарды, технологиялық жабдықтарды сатып алу үшін қаржыны ОАО АТҚШ "Астана-құс" есеп-шотына аударады. ОАО АТҚШ "Астана-құс" тәуліктік балапандарды және технологиялық жабдықтарды сатып алғаннан кейін қаржы департаментіне барлық төлем құжаттардың және кіріске алынған актілерінің көшірмесін тапсырады.

44. Сатып алынған балапандарды күтіп-бағуға кеткен шығындарға қаржы алу үшін ОАО АТҚШ "Астана-құс" мал шаруашылығы және мал тұқымын асылдандыру мемлекеттік инспекциясы департаментіне осы мақсаттар үшін Ауыл шаруашылығы министрлігі бір жылға бекіткен шығындардың сметасына сәйкес ай сайын шығындардың сметасын тапсырады.

Мал шаруашылығы және мал тұқымын асылдандыру мемлекеттік инспекциясы департаменті, тапсырылған құжаттарды тексеріп, тұжырым жасап, жетекшілік ететін Вице-Министрге бекіттіріп Қаржы департаментіне тапсырады.

Қаржы департаменті тапсырылған құжаттардың дұрыстығын тексеріп, ОАО АТҚШ "Астана-құс" есеп-шотына қаржы аударады.

45. ОАО АТҚШ "Астана-құс" әр айдың қорытындысы бойынша қаржы департаментіне, сатып алынған материалдардың, тауарлардың құнын растайтын және бұқаларды күтіп-бағуға кеткен шығындардың актілерін тапсырады.

46. Белгіленген квоталар өзгеруі мүмкін, немесе басқа асыл тұқымды мал шаруашылығы ұйымдарына мына жағдайда беріледі:

шаруашылықта асыл тұқымдық ісін жүргізу сорақы бұзылғанда;
шаруашылықтың қаражат жағдайы нашарлағанда және өсіріліп жатқан төл малдарды күтіп-азықтандыру деңгейі төмен болғанда;
кенеттен малдардың жұқпалы аурулары шыққанда, асыл тұқымды мал өлімі

асыл тұқымды мал шаруашылығы немесе асыл тұқымды бұқалардың ұрығын сататын малды қолдан ұрықтандыратын ұйымдарға таратылғанда.

2-тарау. Ауыл шаруашылығы дақылдарының элиталық тұқым шаруашылығын сақтау және дамыту

6-бөлім. Элиталық тұқым шаруашылығын сақтау және дамытуға 2001 жылғы бюджеттен жәрдемақы төлеу ережесі

47. Элиталық тұқым шаруашылығын сақтау және дамытуға жәрдемақы бұл мақсатқа "Элиталық тұқым шаруашылығы мен асыл тұқымдық жұмысты сақтау және дамыту" 38-бағдарлама бойынша 2001 жылғы республикалық бюджетте көзделген қаражаттың шығыс сметасында белгіленген қаражат аумағында және соның есебінен тек элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтардың тізіміне сәйкес 2000 және 2001 жылғы элиталық тұқымының сатылған жәрдемақы егіннің астығынан аттестацияланған элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтарға ғана (13-қосымша) көзделді және бөлінеді.

48. Жәрдемақы 2000 және 2001 жылғы егіннің астығына отандық тауар өндірушілерге нақтылай сатылған бидайдың, күріштің және картоптың элиталық тұқымның өндіріс шығындарын ішінара өтеу үшін арналған (14-қосымша).

49. Ақша алу үшін элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтар Ауыл шаруашылығы министрлігінің сәйкесті облыстық аумақтық басқармасына мына құжаттарды тапсырады :

элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтың нақтылай сатқан элиталық тұқымның көлемдері жөніндегі жиынтық тізімі - екі дана (15-қосымша);

сатылған элиталық тұқымның төлем құжаттарының (тұқымды тиіп жөнелтудің жүк құжаттамасының, төлем түріне байланысты - банктің төлем тапсырмаларының, кірістік кассалық ордерлердің, бартерлік есеп айырысу жағдайында - шарттардың, сатып алушылардың сенімхаттарының) көшірмелері;

элиталық тұқымды өндіруге арналған бастапқы материалдың шығу тегін растайтын құжаттар (апробация актілері мен көбейту питомниктері, суперэлита және элитаны апробациялау туралы есеп, "Сорттық егістерді апробациялау жөніндегі нұсқаулыққа" сәйкес; көбейту питомниктері мен суперэлита сатып алған жағдайда - "Тұқым аттестаттарының" көшірмелері);

тексерілген элиталық тұқымның саны мен сапасы туралы "Қазгрэкс" РМК-ның анықтамасы (16-қосымша).

50. Облыстық аумақтық басқармалар тапсырылған құжаттарды тексеріп, өзінің мөрімен куәландырып, облыс бойынша жинақтық акт жасап (17-қосымша)

, оны бастапқы төлем құжаттарының (тұқымды тиесп жөнелтудің жүк құжаттамасының, төлем түріне байланысты-банктің төлем тапсырмаларының, кірістік кассалық ордерлердің, бартерлік есеп айырысу жағдайында - шарттардың, сатып алушылардың сенімхаттарының) куәландырылған көшірмелерімен бірге Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаментіне тапсырады.

51. Егіншілік департаменті тапсырылған құжаттарды тексеріп, республика бойынша жиынтық акт жасап (18-қосымша), оны осы салаға жетекшілік ететін Вице-Министрмен келістіріп, оны бастапқы төлем құжаттарының (тұқымды тиесп жөнелтудің жүк құжаттамасының, төлем түріне байланысты - банктің төлем тапсырмаларының, кірістік кассалық ордерлердің, бартерлік есеп айырысу жағдайында - шарттардың, сатып алушылардың сенімхаттарының) көшірмелерімен бірге Қаржы департаментіне тапсырады.

Қаржы департаменті тапсырылған бастапқы төлем құжаттарының көшірмелерінің дұрыстығын тексеріп, белгіленген бағалардың негізінде элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтарға тиесілі қаражаттың көлемін айқындап жәрдемақы төлеу үшін бөлінетін қаражаттың көлемін ведомостің жасап (19-қосымша), Қаржы департаментіне жетекшілік ететін Вице-Министрмен бекітіп, бюджеттің бағдарламаның қаржыландырылуына қарай ағымдағы жылға "Элиталық тұқым шаруашылығы мен асыл тұқымдық жұмысты сақтау және дамыту" 38-бағдарлама бойынша шығыс сметасымен белгіленген қаражат аумағында тиесілі сомаларды элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтардың есеп-шоттарына аударады.

52. Элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтарға сатылған элиталық тұқым үшін көзделген және жыл бойы төленбеген жәрдемақы келесі күнтізбелік жылға кредиторлық қарыз ретінде ауысады.

53. 2002 күнтізбелік жылғы жәрдемақыны қаржыландыру 2002 жылғы мақсаттар есебінен 2001 жылғы кредиторлық қарызды жапқаннан кейін жүргізіледі.

54. Элиталық тұқымның 1 тоннасына жәрдемақы мөлшері шығыс сметасымен белгіленген қаражатты есепке ала отырып орта есеппен республика және әрбір жәрдемақыланатын дақыл бойынша 2001 жылға элиталық тұқым шаруашылығын қаржыландыру үшін қаражаттың қажеттілігі мен нақтылай көлемін есептеу негізінде есептелген (14-қосымша). Элиталық тұқымның орташа құнының 10-нан 27-ға дейінгі пайызын қаржыландыру кезінде 1 тоннаға бөлінетін жәрдемақылық қаражаттың мөлшері: бидай үшін - тоннасына 6221 теңгені; күріш үшін - тоннасына 11620 теңгені; күнбағыс үшін - тоннасына 10022 теңгені құрайтын болады. Ескерту: 54-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 30 қарашадағы N 377 бұйрығымен. V011687_ "Келісілді" Қазақстан

